

Жоба тақырыбы: Қазақстандағы балалар
мен жастар баспасөзінің қалыптасуы,
тақырыптық ерекшелігі мен типологиясы

Жоба жетекшісі: Мукашева М.Т.,
қауымдастырылған профессор

Жобаның мақсаты мен міндеттері.

Жоба қазақ балалар мен жастар басылымын зерттеуге бағытталған. Салалық баспасөз ретінде жастар газет-журналдарының 100 жылдық тарихында қалыптастырған ерекшеліктері, онда көтерілген мәселелер ауқымы мен көрінісі, ұлттық көсемсөздердің актуальділігі, қатысушы авторлар мен шығармашылық құрамның публицистикалық шеберлігі сияқты мазмұндар зерттелінеді.

Осы жекелеген мәселелер арқылы жалпы жастар баспасөзінің қалыптасу, даму жолын айқындау, тарихы мен тәжірибесін, тағылымдық мәнін тұжырымдау көзделген.

Осы көздеген мақсатты сәтті жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттер легі қарастырылған:

- ▶ Балалар мен жастар басылымдарының жарық көруі, редакциялық алқасы, қаржыландырылуы, жабылуы сияқты тағы басқа да фактілік деректерін нақты құжат, қажетті дәлелдер негізінде айқындау,
- ▶ Балалар мен жастар басылымдарының тақырыптық-мазмұндық даралығы, шығармашылық мәнері, материалдарының жанрлық сипаты мен өзіне тән қолтаңбасын анықтау. Сондай-ақ авторлар құрамы мен бүркеншік есім иелерін нақтылау.
- ▶ Баспасөз жарияланымдарындағы публицистикалық-шығармашылық негіздер, материалдардың көтерген мәселесі мен проблемалық, сыни сипаттарына үңілу. Көзқарас ерекшелігін талдау арқылы мәтіндік сараптама жасау.

Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы

- Қазақ баспасөзі тарихы ішінде балалар мен жастар басылымдары біршама кем зерттеліп, аз қаузалған тақырып. Негізгі зерттеушілерінен Қайыржан Бекхожин, Тұрсынбек Кәкішев, Дихан Қамзабекұлы, Зарқын Тайшыбай қатарлы тұлғалардың еңбектерін атауға болады. Бірақ бұл зерттеу еңбектері жекелеген бір басылымға немесе белгілі бір тұлғаның айналасына шоғырланған. Мысалы, ғалым Тұрсынбек Кәкішев «Садақ» журналын жете зерделеп, «Сандалтқан Садақ» атты ғылыми еңбек жазса, академик Дихан Қамзабекұлы Смағұл Сәдуақасұлының шығармашылығын зерттеу барысында «Жас азамат» газетінің бағыт-бағдарына ғылыми тұжырым жасады. Ал «Алаш көсемсөзі» 10 томдығы мен «Жиырманшы жылдар журналистикасы» көптомдығынан біз Ерғали Алдоңғарұлы редакторлық еткен «Лениншіл жас» газетінің жарияланымдарымен таныса аламыз. Одан бөлек жастар баспасөзіне қатысты пайымдар Бейсембай Кенжебаев, Темірбек Қожакеев, Сағымбай Қозыбаев, Қырықбай Аллаберген, Қамбар Атабаев, Кәкен Қамзин, Бауыржан Жақып, Ербол Тілешов, Айгүл Рамазанова, Светлана Смағұлова, Мәншүк Мукашева қатарлы ғалымдар еңбектерінде әртүрлі деңгейде аталып өтіледі.

Жобада көтерілген тақырыптың осыған дейін толыққанды зерттеу нысанына айнала алмауының бірқанша объективті себептері бар. Біздіңше, оның бастыларынан төмендегілерді атауға болады:

- ▶ Ең бастысы – газет тігінділерінің қолжетімсіздігі дер едік. Өйткені жастар басылымдарының жекелегендері болмаса, басым көп сандысы әртүрлі архив қорларында шашылып жатыр. Нөмірлері де толық сақталмағандықтан қандай да бір ғылыми тұжырым жасауға олқылық танытуда. Сол себепті осыған дейін «Жас азамат», «Садақ» сияқты бірен-саран газет-журналдар туралы болмаса, өзгелері жайлы әлі жақ ашылған жоқ.
- ▶ Кеңестік кезеңдегі тотальды партиялық шешім – негізсіз әліпби ауыстыру газет тігінділерімен жұмыс жасайтын зерттеушілердің жұмысын қиындатып, 1940 жылға дейінгі кезеңнің аз игерілуіне себепші болды;
- ▶ Газет-журнал материалдарына тек қосымша дереккөз ретінде қарайтын немқұрайлылық жарияланымдардың көсемсөздік қуатын толыққанды әйгілей алмай келеді;
- ▶ Зерттеуші ғалымдардың зерттеу нысанын көбіне белгілі бір қайраткер тұлғаға немесе саяси-әлеуметтік кезеңге бағыттап алуы газет бетіндегі сол тақырыпқа қатысты материалдың игеріліп, қалған бөлігінің тысқары қалуына себепші болуда.

Сондай-ақ ғылыми зерттеу үдерісінде төмендегі қағидаттар мен талаптар қатаң сақталады:

- ▶ Зерттеуге тән жалпы қағидаттар мен басты ұстанымдар қатаң сақталады. Ғылыми этика өлшемдері негізге алынып, жалған ғылыми мәліметтерді қолдану мен таратуға, зерттеу нәтижелерінің бұрмалануына, сондай-ақ, плагиат пен жалған тең авторлыққа әкеп соқтыратын фальсификацияға әсте жол берілмейді.
- ▶ Зерттеу үдерісінде Зияткерлік меншік құқығы ҚР «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» және «Ғылым туралы» Заңдарына сәйкес арнайы келісім-шарттармен реттеледі. Зерттеу жұмысы ғылыми этиканың және интеллектуалдық әділдіктің қолданыстағы талаптары шеңберінде орындалады. Сонымен бірге ғылыми деректерді көшіру, жалған деректер беру, басқаның еңбегін ұрлау, жалған тең авторлық, ұжымдық зерттеу жұмысын, деректерді және тұжырымдарды жобаға қатысушылардың келісімінсіз жеке зерттеушінің өз атынан беру жағдайларына қатаң жол берілмейді.
- ▶ Аталған жоба бойынша тәуекелділік шарттары қарастырылған. Одан шығудың баламалы жолдары да есепке алынып отыр. Яғни кейбір мәселелерді шешуге бағытталған іс-қимылдардың реті мен жобаны жүзеге асырудың кестесі, жүзеге асыруды басқарудың тиімді жолдары толық айқындалған.